



«AKADEMIHALYQ ADALDYQ LIGASY» JOGARY OQY ORYNDARYNYŇ QAYYMDASTYGY QAZAQSTAN RESPUBLIKASY, 010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8, 614 KAB.
info@adaladyq.kz
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА АКАДЕМИЧЕСКОЙ ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ, ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614 КАБ.
info@adaladyq.kz
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS «ACADEMIC INTEGRITY LEAGUE» THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, 010000, NUR-SULTAN CITY, ESIL DISTRICT, KORGALZHYN AVENUE, 8, 614 ROOM.
info@adaladyq.kz
+7 7172 703018

«Ғылыми зерттеу этикасы» бейне дәрістің мәтіні

Қайырлы күн достар!

Сіздер бұл қысқаша видео-роликтен Ғылыми зерттеу этикасы туралы ақпарат ала аласыздар.

Зерттеу этикасы дегеніміз – бұл академиялық қауымдастықтың ойынша дұрыс, әділ және орынды деп есептелетін зерттеу жүргізуге байланысты нақты принциптерді, ережелерді, нұсқауларды және жүріс-тұрыс стандарттарын білдіреді. Бұл ұғымға сонымен қатар жарамды, сенімді және заңды зерттеулер жүргізу сұрақтары да кіреді.

Бірінші принцип - ол адамдарды құрметтеу принципі. Бұл принципке сәйкес, зерттеуге қатысушыларды автономды агенттер ретінде қарастыру керек, яғни олар тәуелсіз, өзін-өзі басқара алатын және шешімдерді қабылдау үшін жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз етілген тұлға ретінде қарастыру керек.

Зерттеуге қатысуға келісім беру барысында адамдарға зерттеу туралы, оның тәуекелдері мен пайдалы жақтары туралы толық ақпарат берілуі керек және соны негізінде адамдар зерттеуге қатысатыны-қатыспайтыны туралы өз шешімін қабылдауы керек.

Зерттеуге қатысушыларды анықтауда осал топтардың бар екендігін ескеру қажет. Оларға балалар, когнитивті бұзылыстары бар адамдар, қарт адамдар, денсаулығы нашар адамдар, оқытушылар мен студенттер де кіреді. Бұл адамдардың зерттеуге қасуы үшін олардың қамқоршыларынан, жұмыс берушілерінен немесе білім ордаларынан рұқсат алу керек.

Келесі принцип – ол игілік принципі. Бұл принципке сәйкес, егер пайдасы ықтимал зияннан басым түсетін болған жағдайда зерттеу этикалық талаптарға сай болып табылады. Бұл жағдайда тәуекелдер мен пайданы тиісті тұрғыда анализдеу керек. Мысалы, кей жағдайларда қатысушылар өлшеуге келмейтін немесе кейінге қалдырылуы мүмкін эмоционалдық және психологиялық зақымға ұшырауы мүмкін.

Сол себепті, зерттеуге қатысушы өзінің рұқсатын бермесе, зерттеу әрқашан да жауаптардың анонимділігі немесе құпиялылығы арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Анонимділік дегеніміз ешкімнің, соның ішінде зерттеушінің де қатысушының жауаптарын оның жеке басымен байланыстыра алмайтындығын білдіреді. Анонимді зерттеулердің мысалы ретінде қатысушылар өз есімдерін көрсетпейтін сауалнама болып табылады. Құпиялылық дегеніміз зерттеуші әрбір қатысушының не айтқанын білсе де, зерттеудің нәтижелерін сипаттау кезінде қатысушының жеке басын құпия сақтуды білдіреді.

Үшінші принцип – ол дербес деректердің сақталуы. ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы зағына сәйкес, адамның дербес деректері қорғалуға



«AKADEMIHALYQ ADALDYQ LIGASY» JOGARY OQY ORYNDARYNYN QAYYMDASTYGY QAZAQSTAN RESPUBLIKASY, 010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8, 614 KAB.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА АКАДЕМИЧЕСКОЙ ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ, ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614 КАБ.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS «ACADEMIC INTEGRITY LEAGUE» THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, 010000, NUR-SULTAN CITY, ESIL DISTRICT, KORGALZHYN AVENUE, 8, 614 ROOM.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

жатады. Бұл дегеніміз, адамның рұқсатынсыз, ондай дербес деректерді таратуға тыйым салынған деген сөз.

Зерттеудің этикалық талаптары деректерді жинауға ғана тарамайды. Этикалық ережелер зерттеу процесінің әрбір кезеңінде қолданылуы керек. Зерттеудің барлық сатысында қолданылатын 7 талап бар. Оларға мыналар жатады:

1. Плагиат жасамау.
2. Дереккөздерді бұрмаламау немесе жалған нәтиже бермеу.
3. Дереккөздерді мен нәтижелерді жоймау.
4. Дәлдігіне күмән келтіруге негіз бар деректерді ұсынбау.
5. Өздері жоққа шығара алмайтын қарсы деректерді жасырмау.
6. Қарсы көзқарасты ұстанатындардың пікірін жасырмау.
7. Зерттеуді қасақана түрде түсінуді қиындататындай етіп жазбау.

Зерттеудің нәтижелерін жазу немесе көрсету барысында плагиатқа жол бермеу ең маңызды талаптардың бірі болып табылады.

Плагиат дегеніміз бұл:

- жұмыстың авторлығын немесе бірлескен авторлығын теріс пайдалану немесе иемдену;
- идеяларды, гипотезаларды, қорытындыларды, зерттеу нәтижелерін, графиктерді, кодтарды, суреттерді теріс пайдалану немесе иемдену;
- басқа біреудің мәтінін және ойларын сілтемесіз қайталап жазу немесе оларды сөздерді синонимдік ауыстыру арқылы ұсыну.

Қысқаша айтқанда, оқырманға сіздің жұмысыңыздың қай бөліктері сізге және қай бөліктері басқа біреуге тиесілі екендігі анық болуы керек.

Сонымен қатар, зерттеу барысында автоплагиатқа жол бермеу де зерттеу этикасының талабы болып табылады. Автоплагиат дегеніміз автордың өзінің академиялық жұмысын оның ерте жарияланған фактісін көрсетпей қайталап пайдалануы, яғни бұрын жарияланған жұмыстың немесе оның бір бөлігін жаңа жұмыс деп көрсетуі болып табылады.

Қорытындылай келе, жас зерттеушілерге айтарым, зерттеу барысында ғылыми зерттеу этикасының талаптарын сақтау өте маңызды екендігін тағы да еске түсіргім келеді. Егер сіздердің зерттеу нәтижелеріңіз оқырманмен және академиялық қауымдастықпен тиісті түрде бағалансын десеніз, зерттеу этикасының талаптарын берік ұстанған абзал.